

**Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
№39 «Достық» бөбекжай-балабақшасы**

Бұйрық

Ақтөбе қ.

№22

04.01.2023 ж.

«Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы»

Мекемеде еңбек ету қауіпсіздігін жақсарту, сау және қауіпсіз еңбек жағдайын жасау мақсатында, 28.02.2004 жылғы ҚР «Еңбек тәртібі» заңының 5 б. 25 т. , мекеме жарғысын, ішкі еңбек тәртіп ережесін және ұжым келісім шартын негізге ала

Бұйырамын:

1.2023 жылда №39 «Достық» бөбекжай-балабақшасында еңбек ету қауіпсіздігін және сақтандыру жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

2. Әдіскерге төмендегі жауапкершіліктер тапсырылсын:

- Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру және еңбек шарт ережелерін сақталуын;
- Техникалық құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қадағалау;
- Оқу іс-әрекетінің барысындағы инструкцияларын қайта қарау;
- Жұмыс барысындағы техникалық қауіпсіздік бойынша инструктажды журналға тіркелгенін қадағалау;

- Кәсіподақ ұйымымен бірлесіп оқу құралдарының қолдануын, жиназдарды, дәрілік препараттарды берілу қауіпсіздігін қадағалау;

- Тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің арасындағы қайғылы жағдайларды анықтау;

- «Балалардың қайғылы жағдайын тіркеу» журналын жүргізу;

- Жолда жүру қауіпсіздігі ережесі туралы іс-шаралар жүргізу;

3. Шаруашылық меңгерушісі А.Т.Жусуповаға төмендегі жауапкершіліктер тапсырылсын:

- Негізгі және қосымша шаруашылық ғимараттардың еңбек етуге сай жабдықталғанын қадағалау, жарық беру қуаты, жөндеу жұмыстары уақытында өтуін қамтамасыз ету;

-Жүк тасымалдау жұмыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

-Ұйымда өрт сөндіру құралдарының талаптарын сақтау, өрт қауіпсіздігінің дұрыстығын тексеру;

-Барлық ғимараттың санитарлық-гигиеналық тазалығын қадағалап, қамтамасыз ету;

-Жалпы ғимараттың ішкі жабдықтарын, соның ішінде, топтардың ережеге, талапқа сай техникалық қауіпсіздікпен қамтамасыз ету;

-Электр желісін, жылу жүйелерін, ауа тазалығын, су, газ жабдықтарын қадағалау жұмыстарын ұйымдастырып, қауіпсіздікпен талапқа сай қамтамасыз ету;

-Қызметкерлердің еңбек ету қауіпсіздігі жөніндегі жұмыстарды 5 жылда 1 рет талқылып ұйымдастыру;

-Ұйымға үйренулер мен қауіпсіздік бойынша «Енгізу инструкциясының тіркеу журналына» қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда инструктаж өткізу, сонымен бірге «Жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі бойынша инструктаждың тіркеу журналына» периодты ағымдағы инструктаждарды жазу;

-Арнайы киімнің берілуі, жеке қорғау құралдарының т.б. берілуі және алынуы;

- «Электроқауіпсіздік бойынша 1-ші топ қызметкерлерінің техника қауіпсіздігі бойынша білімін тексеру» журналын жүргізу;